

**РММ Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының  
БД040400 – «Дәстүрлі музыкалық өнері» мамандығы бойынша (PhD)  
философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған  
Жаменкеев Ержан Ерболатовичтің  
«Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті»  
атты диссертациясына бейресми рецензенттің**

**П І К І Р І**

Күлкі өмірдегі қуаныштың, көңіл көтеріп сергудің көрінісі болып табылады. Ол – қоғамдағы әрбір адамның табиғи үйлесімді көңіл-күйінің, жайлылықты сезінуінің және дүниеге деген дәстүрлі көзқарасының бір бөлігі. Күлкі мәдениеті әртүрлі мәдениеттерде, адам табиғатының *амбебаптығының көрінісі* ретінде, өзіндік мағыналық тұрақтылыққа ие. Қазақ мәдениетінде қызмет ету аясына қарай күлкі мәдениетінің алуан түрі қалыптасты, оның формалары мен жанрларының ауқымы кеңейе түсті.

Халқымыздың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің келелі саласы – күйшілік өнерде де күлкі мәдениетінің орны айрықша, оған куә домбыра күйлері мен олардың аңыз-әңгімелері. Осы орайда, ізденуші Е. Жаменкеев күйшілік дәстүрдегі күлкі мәдениетін әр қырынан қарастыра келе, күлкіні қазақ халқының ұлттық болмысымен сабақтастыру арқылы оның көркемдік ерекшеліктерін қорытындылай отырып, *жалпы мәдени этнокөркемдік және болмыс жүйесіндегі күлкі мәдениетінің орнын алғашқы болып айқындап берді*. Сонымен қатар, ізденуші *домбыра дәстүріндегі әзіл күйлер тізбегінің типологиясы мен семантикалық белгілерін ашып көрсетті*.

Жұмыстың бағалы тұстарының қатарында:

- *зерттеу материалының кең көлемділігі*. Ізденуші күйшілік-орындаушылық мектептердің фольклорлық үлгілерін, ауызекі-кәсіби күйлерін, сондай-ақ заманауи күйші-сазгерлердің әзіл күйлерін мейілінше толық қарастырған.

- *күйлердің кешенді зерттелуі*. Ізденуші өз еңбегінде вербалды мәтіндерді әзіл және әзіл элементтері бар мағыналылық байланысына қарай түбегейлі зерделейді. Нәтижесінде: «әзіл күйлердің аңыз бен күй тобында бүтін сюжеттік композициялық байланыстың болмауы, сөз бен саз бірлігінде күй негізгі қызмет атқарып, тыңдаушының назарын аңызға емес, күйге бұратындығы дәлелденді» – деп, тұжырымдайды. Зерттеудегі күйлер әзілдің көркем тәсілдері мен саз өнерінің тұтас көркем құбылысы ретінде қарастырылған. Әсіресе, тартыс күйлеріндегі оң және сол қол қимылдарын, сондай-ақ саусақ басу мен тарту әдістерін талдау арқылы орындаушылық шеберліктегі әзілдің көркемдік тәсілдерін айқындай түседі. Осы арқылы әзіл элементтері бар күйлердің құрылымдық ерекшелігі мен семантикалық

белгілері анықталады. Бұл сапалы бөлімдерді (I-II) орындаушылық пен зерттеушілік сабақтастығының нәтижесі деп түсінуге болады.

Бүгінгі күні ғылыми ортада халықтың дәстүрлі мәдениетін трансляциялау қажеттілігі аса өткір мәселе болып отыр. Осы орайда, ізденушінің зерттеу тұжырымдары мен нәтижелері музыкалық білім беру жүйесіндегі домбырашыларға арналған «Тартыс өнері», «Суырыпсалмалық өнер» сияқты курстардың негізі бола алатыны сөзсіз. Сонымен қатар, «Қазақ музыкасының тарихы», «Орындаушылық өнер тарихы» және «Этносопьяфеджио» сияқты тарихи-музыкалық, музыкалық-теориялық және практикалық пәндердің де мазмұнын едәуір толықтыра алатынын атап кеткен жөн.

Аталмыш жұмысты зерделей отырып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде күлкі феномені мәдени жүйенің біртұтас бөлігі екенін, сондай-ақ оның тарихи-әлеуметтік және кеңістік-уақыттық мән-мәтіннен оқшау еместігін түсінесің. Бүгінгі ақпараттық технологиялар кезеңінде күйшілік дәстүрдегі «шынайы» тартыс өнерінің күлкі мәдениетін өзінің табиғи ерекшелігіне орай «жанды» эмоциялық сезіну арқылы сахналық концерттік бағдарламалар көрсете алатынын, сонымен қатар қоғамдағы қарым-қатынас жетіспеушілігін толтыра алатынын атап кету керек.

Ізденуші Е.Жаменкеевтің ғылыми еңбегі біртұтастығымен ерекшеленеді, зерттеулері мен тұжырымдарының бір-бірімен байланысты болуы диссертацияның алға қойған мақсатын мәреге жеткізуге мүмкіндік тудырды.

Жаменкеев Ержан Ерболатовичтің «Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» атты докторлық диссертациялық еңбегін оңды бағалап, 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша осы диссертациялық еңбектің авторы Философия докторы (PhD) дәрежесіне әбден лайық деп есептеймін.

өнертану ғылымының кандидаты,  
Астана қаласы,  
Қазақ Ұлттық өнер университетінің,  
«Музыкатану және композиция»  
кафедрасының доценті

*Абай*

